

**ҚР Энергетика министрлігінің
Отын-энергетикалық кешен мәселелері жөніндегі
қоғамдық кеңес отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы

2023 жылғы 4 қазан
сағ.15:00

Өткізу форматы: күндізгі/«Zoom» арқылы

Төрағалық еткен: Қоғамдық кеңестің төрағасы Б.К. Әуетаев

Қатысқандар: Қоғамдық кеңестің мүшелері *(тізім бойынша)*, Министрліктің құрылымдық бөлімшелерінің өкілдері *(тізім бойынша)*, «Қазатомөнеркәсіп» АҚ өкілдері *(тізім бойынша)*.

1. Атом энергетикасы саласы үшін кадрлар даярлау туралы

(Ғ. Серғазин)

1.1. Атом энергетикасы және өнеркәсібі департаментінің директоры Ғ.Е. Серғазиннің атом энергетикасы саласы үшін кадрлар даярлау туралы ақпараты назарға алынсын.

2. «Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу туралы» Қазақстан Республикасының тұжырымдамасы және Заң жобасы туралы

(Ғ. Серғазин)

2.1. Атом энергетикасы және өнеркәсібі департаментінің директоры Ғ.Е. Серғазиннің «Радиоактивті қалдықтармен жұмыс істеу туралы» Қазақстан Республикасының тұжырымдамасы мен Заң жобасы және әзірленген құжаттардың мәртебесі туралы ақпараты назарға алынсын.

3. Қазақстан Республикасында АЭС салу жобасы бойынша жұмыс барысы туралы

(Т. Жанткин)

3.1. Қоғамдық кеңестің мүшелері «ҚАЭС» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі директорының міндетін атқарушы Т.М. Жанткиннің Қазақстан Республикасында АЭС салу жобасы бойынша жұмыс барысы, АЭС салу үшін реттеуші базаны жетілдіру туралы ақпаратын назарға ала отырып, Қоғамдық кеңес мүшелерінің Қазақстанда АЭС салу бойынша референдум өткізуге дайындық шеңберінде ақпараттық-түсіндіру жұмыстарына қатысуға дайын екендіктерін білдірді.

3.2. Атом энергетикасы және өнеркәсібі департаменті:

- құзыреті шеңберінде Қоғамдық кеңестің мүшелерін Қазақстанда АЭС салу бойынша референдум өткізуге дайындық шеңберінде ақпараттық-түсіндіру жұмыстарына тарту мәселесін қарастырсын.

4. Ұйымдастыру мәселелері туралы



4.1. Қоғамдық кеңестің мүшелері Қоғамдық кеңестің (ҚК) 2023 жылғы 4-тоқсанның жұмыс жоспарын қарап, ҚК қорытынды отырысына (а.ж. 5 желтоқсанда өткізу жоспарланып отыр) Энергетика министрі А.М. Сәтқалиевті шақыру туралы шешім қабылдады;

4.2. Қоғамдық кеңестің хатшылығы:

- Қоғамдық кеңестің 2024 жылға арналған жұмыс жоспарын қалыптастыру жұмысын жалғастырсын.

Қоғамдық
кеңестің төрағасы

Қоғамдық
кеңестің хатшысы

Б. Әуетаев

Н. Секербеков

